

«Жарма ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 28 қаңтардағы № 38 «Жарма ауданының өте мұқтаж және аз қамсыздандырылған азаматтарына біржолғы материалдық көмекпен, облысқа сіңірген еңбектері үшін зейнеткерлікке шыққан азаматтарға арнаулы жәрдемақы тағайындау және төлеу туралы» қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 12 мамырдағы N 164 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 19 мамырда N 5-10-65 тіркелді. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 16 шілдедегі N 225 қаулысымен

Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2009.07.16 N 225 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жергілікті басқару туралы» Заңының 31-бабының 1 тармағының 13), 14) тармақшасына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарма ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 38 «Өте мұқтаж және аз қамсыздандырылған азаматтарына біржолғы материалдық көмекпен, облысқа сіңірген еңбектері үшін зейнеткерлікке шыққан азаматтарға арнаулы жәрдемақы тағайындау және төлеу» ҚР Әділет министрлігі ШҚО Әділет департаментінің Жарма аудандық әділет басқармасында 2008 жылы 15 ақпан айында № 5-10-57 тіркелген (2008 жылы 25 сәуірдегі № 17 аудандық «Рауан-Восход» газетінде жарияланған) қаулысына толықтырулар енгізілсін:

«Жекеленген санаттардағы азаматтарға әлеуметтік төлемақылар төлеуді жүзеге асыру тәртібі туралы» бекітілген қаулы ережесінің 2 бөлімі келесі мазмұнда 10-1 және 10-2 тармақтармен толықтырылсын:

«10-1 «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен, бұрын «Батыр ана» атағын алған I, II, дәрежедегі «Аналық даңқ» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға, бірге тұратын кәмелеттік жасқа толмаған төрт немесе одан да көп балалары бар көп балалы аналарға әлеуметтік төлемдер жүргізіледі».

«10-2 10-1 тармақта көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік төлем мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталығы ұсынған алушылардың базасы негізінде б о л і н е д і » .

3-бөлімнің 12 тармағы толықтырумен: ««Халықаралық әйелдер күні мерекесіне «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен, бұрын «Батыр ана» атағын алған I, II, дәрежедегі «Аналық даңқ» ордендерімен марапатталған көп балалы

аналарға 5000 теңге көлемінде, Балаларды қорғау күні мерекесіне бірге тұратын кәмелеттік жасқа толмаған төрт немесе одан да көп балалары бар көп балалы аналарға 5000 теңге көлемінде материалдық көмек көрсетіледі. Азық-түлік тағамдарының бағаларының көтерілуіне байланысты аз қамтылған адамдарға қосымша материалдық көмек көрсету үшін ай сайын 0,5 АЕК теңгеден бөлінеді».

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жарма ауданының әкімі

Д. Мусин